



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Ұлттық Банк World Money Fair көрмесінде КÓКБÓРІ инвестициялық монеталарын таныстырды

Астана қ.

2024 жыл, 16 ақпан

Қазақстан Ұлттық Банкі Берлинде өткен World Money Fair дүниежүзілік ақша конференциясында КÓКБÓРІ инвестициялық монеталарын таныстырды.

Көрмеге қатысудағы негізгі мақсат – Қазақстанның КÓКБÓРІ инвестициялық монеталарын әлемге таныстыру. Жаңа КÓКБÓРІ инвестициялық монеталары – ALTYN BARYS және KÚMIS BARYS инвестициялық монеталарына жасалған ребрендинг нәтижесі.

Халықаралық сарапшылар КÓКБÓРІ инвестициялық монеталарының көркемдік жаңалығын, ұлттық бояуын және сапасын жоғары бағалады. КÓКБÓРІ дизайнында «Көшпенділердің ғибадат жануарлары – тотемдері» сериясындағы монеталардың стилистикасы қолданылған. Эксклюзивті дизайн КÓКБÓРІ инвестициялық монеталарын тек инвестициялық тұрғыда ғана емес, коллекциялау үшін де, сыйға тарту үшін де тартымды етеді.

Монета өнімдерін әзірлеуге деген кәсіби көзқарас Қазақстанға үздік монета өндірушілердің қатарына кіруге мүмкіндік берді. Өндіріс сапасы, дизайны, технологиядағы жаңашылдығы сияқты әртүрлі номинация бойынша иеленген көптеген марапат осыны айғақтайды.

World Money Fair – жыл сайын халықаралық монеталар қауымдастығының басын қосатын әлемдегі ең ірі нумизматикалық алаң. Оған орталық банктердің, монета сарайларының, монета шығаруға арналған жабдықтарды өндіруші компаниялардың өкілдері, дизайнерлер, ірі нумизматикалық басылымдардың өкілдері қатысады. Ұлттық Банк WMF-ке 2000 жылдан бері жыл сайын қатысып келеді.

Номиналы 10, 20, 50, 100, 200 және 500 теңгелік, proof сапалы алтыннан соғылған КÓКБÓРІ инвестициялық монеталары.



Номиналы 1, 2, 5, және 10 теңгелік, proof сапалы күмістен соғылған КÓКБÓРИ инвестициялық монеталары.



Қосымша ақпарат: «Жібек жолы» атты Қазақстанның алғашқы инвестициялық монеталары 1996 жылы айналымға шықты. 2009 жылғы қараша айынан бастап әртүрлі салмақта «АЛТЫН БАРЫС» және «КҮМІС БАРЫС» инвестициялық монеталары шығарыла бастады. 2020 жылы инвестициялық монеталардың атауы латын графикасында ALTYN BARYS және KÚMIS BARYS болып жазылып, айналымға шығарылды.

КÓКБÓРИ инвестициялық монеталары туралы толығырақ мәліметті ҚҰБ [сайтынан](#) білуге болады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына нөмірге хабарласып ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz